

Жұрын ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы №15 "Жұрын ауылдық округіне қарасты Тәжірибе ауылының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 09 ақпандағы № 6 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4229 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына сәйкес Жұрын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жұрын ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы №15 "Жұрын ауылдық округіне қарасты Тәжірибе ауылының көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-9-78 болып тіркелген, 2008 жылғы 10 желтоқсанда аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі Тәжірибе ауылының көшелеріне атау беру туралы";

шешімнің 1, 2 және 3 тармақтары келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Жұрын ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Тәжірибе жоғарғы ауылының негізгі көшесіне "Жастар" және Тәжірибе төменгі ауылының негізгі көшесіне "Еңбекші қазақ" атаулары берілсін.";

"2. "Жастар" көшесіне Тәжірибе жоғарғы ауылында орналасқан барлық үйлер, " Еңбекші қазақ" көшесіне Тәжірибе төменгі ауылында орналасқан барлық үйлер қарайды.";

"3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

мемлекеттік тіліндегі шешімнің 4 тармағы алынып тасталсын;

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жұрын ауылдық округінің әкімі

Т.Абдірзақ